

Ғалымқайыр МҰТАНОВ,
әл-Фараби атындағы
ҚазҰУ ректоры, академик

Тамырлас елмен достығымыз нығая бермек



Баку қаласында өткен Түркітілдес мемлекеттердің ынтымақтастық кеңесінің VII саммитінен бұрын Қазақстанның Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев Әзербайжан Президенті Ильхам Әлиевпен кездескен еді. Екіжақты кездесу барысында Нұрсұлтан Назарбаев Қазақстан мен Әзербайжан арасындағы қарым-қатынастың серпінді дамып келе жатқанын айтты. «Бауырлас екі елдің байланысы уақыт өткен сайын бекіп келеді. Қазіргі таңда бізде ынтымақтастықты кеңейтудің мүмкіндігі мол», - деген пікірін жеткізді. Екі ел ынтымықтастығы аясында ғылыми-зерттеу

және білім беру кеңістігінің тынысын кеңейту еліміздің жетекші білім ордасы әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіне үлкен жауапкершілік жүктейді деп санаймыз. ҚазҰУ ғылыми-білім беру флагманы ретінде алғашқы қадамдарды бастап та кетті.

Өткен жылдың соңына қарай делегация болып Әзербайжанға барған сапарымызда 1926 жылы Бакуде алғаш жарияланған «Бүкілодақтық түркітану съезі. Стенографиялық есеп» атты бірегей де раритетті кітапты қайта шығару туралы келісімге қол жеткіздік. Бұл тақырып бүгінде де өзектілігін жоймаған. Кейіннен осы жылдың басында ҚазҰУ-да «Түркі жазуы: рунадан латын әліпбиіне дейін» атты дөңгелек үстел барысында бірегей және раритетті кітаптың тұсаукесері өтті. Басылым 1926 жылы Бакуде өткен тарихи түркітанушылар съезінің 130 қатысушысының сөйлеген сөздері стенограммаларының жинағын құрайды. Түркітанушылар съезінде бүкіл әлем түріктер жазбаларының бірыңғай тұжырымдамасын әзірлеу мәселесі талқыланды. Бұл жаңа кітапқа түркітанушылар, ғалымдар үлкен бағаларын беруде. Жалпы түркітану мәселелері әлі де толық зерттелмеген және алда үлкен жұмыстар күтіп тұр. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті мен Әзербайжан Ұлттық ғылым академиясы арасында ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылған. Жоғарыда айтылған игі шарадан өзге алда түркі халықтарының тарихы, лингвистикасы, мәдениеті мен әдебиеті туралы ғылыми жоба-



ларды бірлесіп жүзеге асыру жоспары бар.

«Ұлы даланың жеті қыры» атты бағдарламалық мақаласында Елбасы түркі халықтарының рухани жаңғыру қажеттілігін алға тартты. Ол түркі халықтарының жарқын есімдерінің мұрасын сақтап, болашақ ұрпаққа қалдыру үшін Түркі кеңесіне «Түркі әлемінің 100 айтулы тұлғасы» жобасын жүзеге асыруды ұсынды. Осы орайда Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің бастамасын қолдау мақсатында Әзербайжандағы Қазақстан Республикасының Елшілігі, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ және Әзербайжан Ұлттық ғылым академиясы Әзербайжанның астанасы Баку қаласында «Алаш арыстары» кітабы мен Хусейн Жәуидтің қазақ және Әзербайжан тілдеріндегі өлеңдер жинағының тұсаукесерін жасаған еді. «Алаш-Орда» тарихын зерттей отырып, Әзербайжандықтар қазақтардың тарихын тереңірек түсіне алады, ал Әзербайжан ақынының шығармашылығымен танысу қазақ және Әзербайжан халықтарының рухани жақындасуына сөзсіз үлес қосатынына сенімдімін. Бакуге барған осы сапарымызда Түркі халықтары Әлемдік конгресінің «Түркі әлемі байланыстарының нығаюына қосқан

үлес үшін» Алтын медалін және «Деде Горгуд» ұлттық қорының Түркі әлемінің көрнекті өкілдеріне берілетін «Qızıl ürək» («Алтын жүрек») орденін табыс етті. Мұндай жоғары марапаттар екі ел ынтымақтастығының, әріптестік байланысымыздың арта түсуіне атқарар жұмыстарымызға үлкен жауапкершілік жүктеп, серпін береді.

Қазақстан мен Әзербайжан мемлекеттері арасындағы достық байланыс тереңде жатыр. Екі ел әріптестігін дамытуда әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде біршама игі жұмыстар атқарылып келеді. Өткен жылы ҚазҰУ-дың шығыстану факультетіндегі Түрксой кафедрасы жанынан «Әзербайжан тарихи және мәдени орталығы» ашылды. Оған Әзербайжан Республикасы Президентінің Әлеуметтік және саяси мәселелер жөніндегі көмекшісі Әли Хасанов арнайы келіп, қатысып қайтты.

Бүгінде бұл орталықта Әзербайжан тарихы мен мәдениеті, тілі мен әдебиеті терең зерттеліп, түркітануға қатысты конференциялар, семинарлар ұйымдастырылып, әр түрлі мәдени іс-шаралар өткізілуде. Орталық ашылған мезетте Әзербайжан ақыны Хусейн



Жәуидтің 100 жылдығын ҚазҰУ-да халықаралық деңгейде атап өттік. Шығыстану факультетінде Әзербайжанның Төтенше және Өкілетті Елшісі Рашад Маммадов Эйнаддиноғлы Түрксой кафедрасының ұстаздары мен студенттеріне Елші сағатын өткізіп, халықаралық байланысты арттыруға үлес қосуда. Өткен оқу жылында «Қорқыт атаның ұмыт қалған сөздерін жаңғырту» бағдарламасы аясында біздің университетке Түркия және Әзербайжаннан ғалымдар мен студенттер арнайы келіп қайтқан болатын. Бұл жоба Түркі елдері арасында тығыз байланыс орнатуға ықпал болады.

Жаһандану дәуірінде негізгі үлкен міндет ұлттық құндылықтарды сақтап қалу десек, екі ел арасындағы мәдени, ғылыми байланыстар сол үдеден шығуға негіз болады.

Былтыр Әзербайжан Республикасы Мемлекеттік байрағының 100 жылдығы болды. Осы атаулы маңызды шараға орай Шығыстану



факультетіндегі Әзербайжан тарихы және мәдени Орталығында Алматы қаласындағы Әзербайжан Республикасының Консул өкілдігі мен Түрксой кафедрасының бірлесуімен салтанатты деңгейде кеш өткізілді. XX ғасыр басындағы Әзербайжан Республикасының көрнекті тұлғасы, ақын, драматург Хусейн Жәуидтің қазақ тіліндегі өлеңдер жинағының тұсаукесер рәсімі жасалды. Мұндай шаралар тамыры бір екі ел арасындағы ынтымақтастықты, ғылыми-білім беру бағытындағы әріптестікті арттыра түседі.

Екі елді ортақ түркі тарихы мен мәдениеті біріктіреді. Әзербайжан Республикасының Қазақстандағы Төтенше және Өкілетті Елшісі Рашад Маммадов елшіліктің көмегімен Әзербайжан тіліне Абайдың еңбектері аударылғанын, ал Бакуде оның атымен Қазақстанның мәдениеті мен тарихи зерттеу орталығы ашылғанын айтқан болатын. Міне, екі мемлекет арасында осындай тамаша мәдени үрдістер қалыптасқан.

Әзербайжанның білім кеңістігімен әріптестік байланысымыз бір жолға қойылған. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ былтыр Баку қаласында өткен «Халықаралық білім» көрмесіне қатысып қайтты. Қазақстанның жетекші университеті өзінің жетістіктерін, білім беру бағдарламалары мен кең ауқымды қызметтерін ұсынды. ҚазҰУ павильоны халықаралық көрменің қонақтары мен қатысушылары тарапынан үлкен қызығушылық пен сұранысқа ие болды. Баку мектептерінде де университеттің білім беру бағдарламалары таныстырылды, сондай-ақ шетелдік білім беру бағдарламалары және шетелдік студенттердің рекрутингімен айналысатын компаниялардың өкілдерімен бірқатар келіссөздер жүргізілді. Бүгінгі таңда әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде Әзербайжаннан келген 5 білімгер оқып жатыр. Олар заң факультеті мен филология және әлем тілдері факультеттерінде бакалавр, магистратура, докторантура бағдарламалары бойынша білім алуда.

Жақында Әзербайжан Республикасы Мемлекеттік комитеттің диаспорамен жұмыс туралы сарапшысы Теймур Атаев мырза бастаған қонақтар ҚазҰУ-дағы Әзербайжан мәдени және тарихи орталығына келді. Ол Орталықтың

алдағы уақытта түркітану ғылымының өрісін кеңейтетін, Әзербайжан халқының тарихы мен этнографиясын, мәдениеті мен әдебиетін, тілі мен рухани мұрасын зерттейтін бірден-бір орталық болатынына сенім білдірді. Сондай-ақ орталықты қажетті оқу-әдістемелік кітаптармен және де материалдық жабдықтармен қамтамасыз етуге қол ұшын созатынын айтты. Мұның барлығы түбі бір түркі елі саналатын Қазақстан мен Әзербайжан туыстық қарым-қатынасының жылдан-жылға артып келе жатқандығын айғақтайды.

Ортақ құндылықтарымызды дәріптеу жолында екі елде де ауқымды істер атқарылуда. «Әзербайжан әлемі» журналының арнайы санының Қазақстанға арналуы да тығыз байланысымызды аңғартса керек. Күні кеше Алматыдағы Ұлттық кітапханада «Әзербайжан әлемі» журналының кезекті санының тұсауы кесілді. Сол тұсаукесерде бас қонақ «Деде Горгуд» қорының президенті Эльдар Исмаилов жылы ілтипатын жеткізді. Аталмыш қор мен «Әзербайжан әлемі» журналының негізгі мақсаты түркі тілдес елдердің ортақ мәдениетін дәріптеу, бауырлық қарым-қатынасты нығайту екендігін айтты. Қазақстанға көптеген елдің айтар алғыстары шексіз екендігін, ашаршылық кезінде қазақ еліне көптеген ұлттар келіп паналағанын, қазақ елі құшағын жайып қарсы



алғанын, нанымен бөліскенін зор алғыспен жеткізді. Бұл тарих ешқашан ұмытылмайтынын айтты. Әзербайжан елінің Қазақстан еліне деген зор құрметіне біз де өз алғысымызды жеткізгіміз келеді.

Бакуде өткен түркітілдес мемлекеттер ынтымақтастық кеңесінің VII саммитінде Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Түркі келешегі-2040» бағдарламасын әзірлеу, іс-шаралар бағдарламасына мәдениет және білім беру, жастар саясаты мен денсаулық сақтау, цифрландыру және жасанды интеллект салаларын енгізу қажеттілігін атап өтті. Алда осы бағыттарда біршама жобалар жасап, көптеген игілікті істерді жүзеге асырамыз деп сенемін. Достас елдер арасындағы мәдени-гуманитарлық байланыстарды одан әрі нығайта береміз. ✪

